Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№17 (769) Сәрсенбі 27 сәуір 2022 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

## БАСПАНА КӨПТІҢ АРМАНЫ

**«Баспаналы болу қолжетімді бола түсті» дейді былайғы жұрт. Бірақ үйсіз жүргендер мұны құптай қоймайды. Себебі, халықтың басым бөлігінде әлі де баспана жоқ. Қалталылардың дәурені жүріп тұрған өмірде баспана алу әрбір отау құрған жастардың бас ауруына айналды десем қателеспеген болар едік. Пәтер жалдап жүргендер, одан қалды несиеге үй алғандар, тағысын тағы…**



Зибаш ӘЛИ

«Мойнымда қарызым бар» деп бір емес, екі-үш жұмысты қатар істеп жүргендер бар. Несін жасырайық, ел тұрғындарының дені несие арқылы болса да, баспанаға қол жеткізгісі келеді. Себебі, ай сайын пәтер иесінің қолына қомақты ақша ұстата бермей, өз үйімізге салған әлдеқайда тиімді әрі ұтымды деп ойлағаннан шығар. Бүгінде бапанаға мұқтаж Қызылорда қаласы бойынша 25080 адам бар екен. Олардың санаты бойынша сабақтасақ, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынан айырылған 1319, «Алтын алқа», көп балалы ана мәртебесімен 3083 отбасы болса, ал халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарындағы жандар 9694-ті құраған. Ал мемлекеттік қызметшілермен, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері бойынша - 10715 адам тіркеуде тұрса, үйлері апаттық жағдайда деп танылған 269 азамат үй алу кезегінде тұр.

Бүгінде пәтер иелерінің заманы туды. Жасыратын несі бар, бай мен кедей болып өмір кешудеміз. Адам санасын ақша билеген заманда қайырым, мейірім деген қасиеттер азайып тұрғанын байқауға болады. Үй жалдаушыға қожайынның айтқаны заң. Пәтеракысын мерзімінен кешіктірсең мазаң кетіп, жалтақтайсың. Ішер тамақ, киер киімнен бұрын пәтерақысын ойлап, күндіз-түні соған бола жұмыс жасайсың. 17 жылдан бері жалдамалы пәтерде тұрып, үйдің азабын тартқан кейіпкеріміздің бірі – Гүлзия Омарқызы. Бала кезінен бастап II топ мүгедегі. Ол 2004 жылы халыққа қызмет көрсету орталығына барып үй кезегіне тіркеледі. «Осынша жылдың ішінде қанша пәтерді ауыстырғанымды білмеймін» деген кейіпкеріміз қос бірдей бүлдіршінімен тағдырдың талай тауқыметінен өткені шаршаңқы түрінен-ақ көрініп тұр. Бүгінде бұл жанұяда үш бірдей мүгедек бар. Әкесі, баласы, анасы. Үйдің отағасы Сабырбек Шаймахановта I топ көз мүгедегі. Қос жанарынан айырылғалы балаларының тағдырына алаңдаулы. «Ертеңіме сенімсіздікпен қараймын деген» әкенің уайымы басым. Себебі мемлекеттен ипотекаға үй алуға жағдайы көтермейді. Ал, тоғыз жылдан бері отбасылық өмірлері жалдамалы баспанада өтіп жатқан ерлі-зайыпты Руфат пен Ажар бүгінде төрт бірдей бүлдіршіннің ата-анасы. Жақында ғана төртінші перзентін өмірге әкелген көпбалалалы отбасының арманы өздеріне тиесілі шағын болса да, баспанаға қол жеткізу. Соның жетегінде жүріп кейіпкеріміз көпбалалы ана санатымен 2022 жылдың сәуір айында үй кезегіне барып тіркелген. Қазіргі уақытта жомарт жандардың көмегімен Бәйтерек ықшам ауданында тұрып жатыр. «Ендігі уақытта үй кезегіміз келемін дегенше осы «Баламекен»-дегі үйлерден баспана алсам көп көмегі болар еді» дейді жас ана.

Қызылорда қалалық тұрғын үй мекесінің соңғы мәліметінше 2021 жылдың шілде айында Шүкіров көшесі мен Шәменов көшелерінен жалпы саны 33 арендалық пәтерлер көп балалы аналарға берілсе, осы жылдың соңына қарай желтоқсан айында сол жағалаудан 680 пәтер пайдалануға беріліпті. Оның ішінде 430 пәтері көп балалы отбасыларына бұйырса, 50 пәтері жетім балаларға, 200 пәтері халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына бөлінген. Сонымен қатар 2021 жылдың желтоқсан айында СПМК-70 тұрғын ауданынан 29 арендалық пәтерлер кезек реттілігі бойынша көп балалы отбасыларға табысталған. Бұдан бөлек 2020-2021 жылдар аралығында « ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен апаттық жағдайда деп танылған азаматтар» санаты бойынша Қызылорда қаласы, сол жағалау тұрғын ауданынан 93 пәтер пайдалануға берілген. Бүгінде көп балалалы отбасылар мен жалғыз басты аналар мекен ететін Бәйтерек мөлтек ауданындағы «Баламекен» ауылында 150-дей отбасы тұрады. Оның 50 жанұясы сол жерді тұрғылықты паналаса, ал 100-дей отбасы уақытша баспана кезегімен қоныстанған.

Ипотекамен үй алуды армандағандар бастапқы жарна жинаймын деп жүндей түтілсе, несие рәсімдеген соң белгіленген жылдық қаржыны ай сайын өтеймін деп тағы арпалысады. Қош! Жіпке тізе берсек баспана мәселесінің айтары таусылмақ емес. Биылғы жылы Қызылорда қаласы бойынша мамыр айында Жаппасбай батыр көшесінен 50 пәтерлік бір үй көпбалалы аналарға, сол жағалаудан 40 пәтерлік 1 үй көпбалалалы аналарға, ал кезекте тұған азаматтарға 13 үй сол жағалаудан беріледі деп жоспарлануда. Бастысы баспана мәселесі шешімін тапса болғаны.

**Адам құқығы мен заңдылықты сақтау жөніндегі Қазақстан халықаралық бюросы БҰҰ Босқындар ісі жөніндегі жоғары комиссарының кеңсесімен бірге азаматтығы жоқ адамдар мәселесін шешу мақсатында IBelong компаниясын іске асырып жатқанына 6 жылға аяқ басты. Әлемдік жоба нәтижесінде, осы уақыт аралығында елімізде мыңдаған адам азаматтық алып, төлқұжатқа ие болды.**

## ҚҰЖАТСЫЗ БӘРІНЕН ҚҰР ҚАЛАСЫЗ



Құжатсыз жүргендер тағдыр тауқыметін тартқан жандар екені сөзсіз. Жеке басыңызды куәлік ететін құжат жоқ па? Онда сіз бүкіл әлеуметтік көмектен қағыласыз. «Еңбек түбі – зейнет» дегендей, зейнеткерлікке де шыға алмайсыз… Соңғы 3 жылда облыс аймағында елді-мекендермен, шаруа қожалықтарында жеке басын куәландыратын құжатсыз және ескі үлгідегі Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының паспортымен жүрген 67 адам анықталды. Осыған байланысты, олардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алу үшін тиісті көмек берілді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында «Сана сезім» қоғамдық қорының заңгері Элина Еникеева мәлімдемесінде баяндады. 2016 жылдың қаңтар айынан бастап «Сана Сезім» ӘБҚО қоғамдық қоры және Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Қызылорда облысы полиция департаменті Көші-қон қызметі құрылымдарымен бірлесіп «Азаматтығы жоқ адамдарды анықтау және оларға құқықтық көмек көрсету» жобасы аясында іске асуда. БҰҰ босқындар істері жөніндегі Агентігінің өкілі Шолпан Олжабаеваның айтуынша, ҚР Ішкі істер министрлігінің операциялық жоспарына сай бекітілген меморандумға сәйкес біршама жұмыстар атқарылды. Ал, шет елдерден келген қандас мәртебесін алған этникалық қазақтарға жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан азаматтығын алу үшін 50 азаматқа құжаттануға көмек көрсетілді. Бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жалғасуда. Сонымен қатар, жақында ОПД көші-қон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Сағындық Камитбеков 2 азаматқа жеке басын анықтайтын құжаттарды табыстады. Соның бірі, 42 жасына дейін құжаттанбай жүрген 1980 жылы Сырдария ауданында туылған Телғозиев Қанат. Оны «Сана сезім» әйелдер бастамаларының құқықтық орталығы анықтаған. Айтқандай, ел азаматтығын ала алмай әрі құжатсыз жүргендерге тағы да бір ескерту, IBelong жобасы 2024 жылға дейін аталған мәселені түгел шешуді көздейді. Қапы қалмаңыз! Мемлекеттің көзінен тыс қалсаңыз, тегін медициналық көмек, білім ала алмайсыз, зейнеткерлікті де ұмытасыз. Өйткені құжат жоқ болса, адам да жоқ!

**Жансая ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ**

Бақытжан Ертаев:

## ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК ТҮГЕЛ ЖОЙЫЛМАДЫ

**«Қасіретті қаңтар» оқиғасынан кейін Мемлекет басшысы Қазақстанның қорғаныс саласын реформалауды тапсырды. Алайда қандай өзгерістер болып жатқаны күні бүгінге дейін жалпақ жұртқа жария емес. Жалпы, түзетер тұстарды анықтай алдық па, әлде әлі жабулы қазан жабулы күйде қала ма? Біз бұл сауалымызды генерал-лейтенант, Халық Қаһарманы Бақытжан ЕРТАЕВҚА қойдық.**

### Құр «алға» дегеннен қаншама адам қырылды

**– Қазақстан армиясы қалай құрылып еді? Армияны жасаудың қиындықтарынан бастасақ. Сол бір күндер әлі есіңізде ме?**

– 1992 жыл 7 мамырда Қазақстан Қарулы Күштері құрылды. Елбасы Қорғаныс министрі етіп басқаруға Халық Қаһарманы, генерал-лейтенант Сағадат Нұрмағамбетовті тағайындаған. Негізі, армия жасақтаудың алғышарттары 1991 жылы жасалды. Сол жылы күзде мемлекеттік Қорғаныс комитеті құрылды. Нұрмағамбетов комитетті басқарды. Бәріміз бөркімізді аспанға аттық. Ол кезде Германияның Потсдам қаласында полк командирімін. Қабырға құлағанда елге қайтуға асықтым. Қарулы Күштерді құру туралы Жарлыққа қол қойылғаннан кейін еліміз үлкен мәселелермен бетпе-бет келді. Саяси-әскери басшылық құрамын қалыптастыру, ұлттық кадр дайындау, олардың кәсіби деңгейін шыңдау мәселелері күн тәртібінде тұрды. Әскери кадр мәселесі бірінші кезекте қаралды, себебі генерал, полковниктердің дені өзге ұлт өкілдері еді. Тәуелсіздік алғаннан кейін көбі өз еліне кетіп, әскери бөлімдер иесіз қалды. Әскери оқу орындарын құрып, өз мамандарымызды дайындауға тура келді. Қару-жарақ, оқ-дәрі қоймаларын да сақтап қалу маңызды еді. Ауғанстан, Германиядан келген қару-жарақтың бәрі Отарда болды. Оларды да сақтап қалу керек. Біз бұл мәселені қалай шештік? Министрліктің кадр қызметін басқарған генерал Сәбит Тауланов осы мәселені көтерді. Ол кезде дивизия командирімін, бәрін ашық айтуға тура келді. Сөйтіп, Мемлекет басшысы ер бала антты бір-ақ беретінін заңмен бекітті. Осының нәтижесінде мамандар көшін тыя алдық.

Біз қандай қиындық болса да тайсалмадық. Күні-түні жұмыс. Сол кездегі командирлерге ризамын. Еңбек демалысы дегенді білмейтін. «Жалақы қайда?» деп сұрамайтын. Тіпті, Сарыөзекке барғанда не жарық жоқ, не су жоқ еді. Елмен бірге бар қиындықты өткердік. Кейбіреулер «ол кезде жаттығу болған жоқ» дейді. Жоқ, керісінше жаттығуды жиі өткізетінбіз. Тіпті, сол кездегі жағдайға қарамай, Отарда үлкен оқу-жаттығуын өткіздік.

Біз қару-жарақты Ресейден және шетелдерден сатып алдық. Бірақ өзгеден кем болмау үшін техниканы жаңартып, жас кадрларды даярлау керек еді. Сондықтан қазақ жігіттерін Ресейдегі Фрунзе әскери академиясына және әскери училищелерге оқуға жібердік. Сол сияқты бізге де Қырғыз Республикасынан, Тәжікстаннан сарбаздар келіп оқыды. Осылайша, ақырындап, өз еліміздің жігіттерін сапқа қоя бастадық. Бір мысал келтірейін, ол кезде Мұхтар Алтынбаев министр, мен Бас штаб бастығымын, ұшқыштарды оқыту үшін керосинді өлшеп берген кезіміз де болды. Тіпті, литріне дейін санап отырдық, себебі қымбат. Міне, біздің Қарулы Күштер тарихында осындай кезеңдер де болған.

*(жалғасы 4-бетте)*



**Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Нұртай Қайрат Ырзақұлұлы Қазақстан экологиялық ұйымдар ассоциациясының және «GIZ» жобасының өкілдерімен кездесу өткізіп, Германия Федеративтік Республикасының қолдауымен жүзеге асып жатқан «Экологиялық бағдарланған Арал өңірінің аймақтық дамуы» жобасын іске асырудың мүмкіндіктері мен басымды бағыттарын талқылады.**

## Қызылордада «GIZ» жобасы өкілдері кездесті

Кездесу барысында «GIZ» жобасының ұлттық сарапшысы Қайрат Егежанов аталған жобаның мүмкіндіктері мен жоспарлары туралы және елімізде стратегиялық экологиялық бағалау жүргізудің тәртібі мен негіздері бойынша кеңінен таныстырып өтсе, «GIZ» жобасының Халықаралық сарапшысы Шуман Йоханнес елімізде стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу бойынша жоспарланған пилоттық жобаның алдағы жоспарларымен бөлісті.

Сондай-ақ, кездесу барысында Қазақстан экологиялық ұйымдар ассоциациясының Басқарма Төрайымы Айгүл Соловьева стретегиялық экологиялық бағалау жұмысына Қазақстан экологиялық ұйымдары ассоциациясының қатысуы туралы кеңінен баяндады.

Кездесу қорытындысымен облыс әкімінің орынбасары Нұртай Қайрат Ырзақұлұлы пилоттық жоба аясында жүргізілетін экологиялық сауықтыру шараларының және стратегиялық бағалау жүргізудің маңыздылығына кеңінен тоқталып, тараптармен пилоттық негізде облыстың стратегиялық даму жоспарлары мен бағдарламаларына стратегиялық экологиялық бағалау жүргізу туралы келісілді.

## Жаңақорғанда 3 мектеп, 1 балабақша салынып жатыр

**Жаңақорған кентінде МАИ және Ипподром аумағындағы 300 орындық мектеп пен №169 мектептің 600 орындық жаңа ғимараты, Бірлік ауылындағы 90 орындық балабақша құрылысы жүріп жатыр.**

Құрылыстың қарқыны күшейтіліп, облыс және аудан әкімдігі оның сапасын жіті бақылауда. Бір ай уақыт бұрын іргетасы қаланып бастаған Ипподром мөлтек ауданындағы 300 орындық мектептің құрылыс қарқыны жақсы. Мердігер кампанияның айтуынша, 2023 жылы берілуі тиіс нысанды мерзімінен бұрын биыл аяқтауды жоспарлап отыр. Ал МАЙ бекетіндегі 300 орындық мектеп құрылысы әкімдіктің назарында болса, кент орталығындағы 600 орындық №169 орта мектеп құрылысы аяқталуға жақын. Ол биылғы оқу жылында балалар игілігіне пайдалануға беріледі.

Бүгінде Жаңақорған ауданында бала санының өсімі жоғары. Осы ретте мектепке дейінгі білім беру мәселесі өзекті болып отыр. Қазіргі таңда аудан бойынша 118 балабақшада 6141 бала тәрбиеленіп жатыр. Балабақшаларда орын тапшылығын жою мақсатында Бірлік ауылында 90 орындық балабақша салынып жатыр, ол биыл пайдалануға беріледі. Сонымен бірге биыл Жаманбай батыр ауылында да 90 орындық балабақша құрылысы басталады деп күтілуде.

**«Ел тілегі» ақпарат**

**Республикалық «Ел тілегі» және «Жарасымды жанұя» журналына 2022 жылдың ІІ жартыжылдығына жазылу жүріп жатыр.**

Бүгін оқырманды газетпен емес, газетті оқырманмен қамтамасыз ету қажеттілігі туған кезеңде сенімді, әрі шынайы ақпарат алғысы келген, елінің ғана емес, өзінің де тағдырына бей-жай қарай алмаған кез келген азаматтың басылымдарға жазылудан қалыс қалмасы анық. Ендеше, құрметті оқырман, бізбен бірге болып, басылымдарымыздан рухани ләззат алыңыз!

**«Ел тілегі » газеті 6 айға – 2500 теңге**
**«Жарасымды жанұя» журналы 6 айға – 2850 теңге**

# АЛПЫС ЖЫЛДЫҢ АСҚАРЫНДАҒЫ МЕКТЕП

Дарияның толқындарын тартып ала,
Ағады көше бойлай Сарқырама.
Батыстан бой көтеріп келе жатқан,
Бір өзі комбинаттың жарты қала,-

деп ақын Махмұтбай Әміреевтің сонау жылдары әнге айналған өлеңінде жазылғанындай, Одақтық дәрежедегі алып құрылыстардың бірі – Қызылорда целлюлоза-кардон комбинаты өткен ғасырдың алпысыншы жылдары бой көтере бастап, оның өкпе тұсында осы күнгі Титов шағын ауданы пайда болған. Кең байтақ Кеңес елінің түкпір-түкпірінен мамандар, жұмысшылар келіп, олар үшін үйлер мен жатақханалар тез салынған. Өзге ұлттың балалары білім алу үшін орыс тілінде оқытатын мектеп ашылған. Кейбір тарихи деректерге сүйенсек, зауытта (комбинатта) 2000 үстінде жұмысшы-қызметкерлер еңбек еткен сыңайлы. Міне, осы күнгі №173 Әлия Молдағұлова атындағы орта мектеп тарихы сол 1962 жылдан бастау алады. Биыл мектепке 60 жыл толғалы отыр.



1971 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда Мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген соң, Жалағаш ауданының «Таң» ауылындағы №118 орта мектепте алғашқы ұстаздық жолымды бастап, осы мектепте және Мырзабай ахун елді мекеніндегі №122 орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі болдым.

1983 жылдан 1996 жылға дейін «Таң» кеңшары кәсіподақ комитетінің төрағасы, ауылдық кеңес төрағасы (қазір бұл қызметті әкім деп жүр ғой) содан соң «Таң» күріш совхозының директоры қызметтерін атқардым. 1996 жылы Қызылорда қаласына қоныс аударып, қалалық білім бөліміне жұмысқа орналастым. Көп ұзамай мені №235 орта мектепке директордың орынбасары етіп жіберді. Сөйтіп араға 13-14 жыл салып, өзімнің ұстаздық қызметіме қайта оралғанмын.

2000 жылдың 3 наурызы әлі есімде. Қалалық білім бөлімі басшысының орынбасары Гүлнар Жұбайқызы мені сол күні №173 Әлия Молдағұлова атындағы орта мектепке ертіп келіп, мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары қызметіне отырғызып кеткен. Қаланың шеткері аймағында орналасқан мектепке әуелде келгім келмеген. Бірақ, тәуекелге бел будым.

Аралас мектеп болғандықтан мектептің өзіндік қиыншылықтары да бар екен. Мектеп директоры менен 5-6 ай ғана бұрын келген Егізбаев Аят деген жас жігіт. Жастың аты жас. Тәжірибенің аты тәжірибе. Бар мүмкіншілігімізді сала еңбектенуге тура келді. Кеңесе отырып оқу-тәрбие саласына оң өзгерістер енгізуге кірістік. Ұжымның ауызбіршілігін нығайтуға күш салдық. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дегендей, көп ұзамай тіршілік алға басты. Нағима Естемесова, Ағила Қараева, Ботакөз Сағындықова, Ақбазар Шөкетаева, Лиза Төлемісова, Мағрипа Балтабаева, Гүлнәр Жақсылықова, Әлима Сәдібекова, Гүлнар Биманова, Баян Салходжинова тағы басқа ұлағатты, тәжірибелі ұстаздар оң істердің ұйытқысы болды. Мектепте жас мұғалімдер тобы баршылық болғандықтан, көбісінің профессор Ж.Қараевтың «Деңгейлеп, саралап оқыту» технологиясын меңгеруіне мән берілді. Мектепте осы әдіспен сабақ өтіп машықтанған ұстаздарымыздың 2003 жылы тың бастама көтеріп, облыс көлемінде «десант» сабақтар бергенін айта кету орынды. Мысалы: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сая Үркімбаеваның бұрын көрмеген, білмеген Арал ауданының Сексеуіл кентіндегі №87 орта мектепке барып, төтеннен жаңа әдіспен сабақ өткізуі әріптестерін таңдандырды. «Анықтауыштар байланысы» тақырыбындағы сабаққа 24 оқушы қатысты. Жаңа сабақ оқушыларға түсінікті болуы үшін өткен сабақтағы материалды қайталауға уақыт бөлді. Оқушылардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, өз беттерімен тақырыпты меңгеру, анықтамаларды білу үшін тақырыпқа байланысты сұрақ, әңгіме, дискуссия ұйымдастырып, жекеше де, көпше де пікір алысуды жүзеге асырды. 1-деңгей тапсырмасында қазақтың мақал-мәтелдерінен анықтауыштың байланысы және жасалу жолдары көрсетілді. 2-деңгей екі тармақтан тұрды. Бірінші тармақта оқушылар арнайы кесте толтырса, екінші тармақта – сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдады. 3-деңгейлік тапсырма-тест жұмысы 4-деңгейлік тапсырма – шағын эссе жазу. Нәтижесінде бірінші және екінші деңгейлік тапсырманы сабаққа қатысқан 24 оқушы түгел орындады. Үшінші тапсырманы 6 оқушы, төртінші тапсырманы 3 оқушы орындап, білім шыңына көтерілді. Экономика пәнінен «Сыртқы сауда» тақырыбында Қалбибі Рысбаева сабақ өткізіп, оқушылар мен әдіс алмасуға келген мұғалімдердің қызығушылығын тудырды.

Осындай өзара әдіс алмасқан «десент» сабақтар Жаңақорған ауданының «Жұлдыз» ауылындағы №52 орта мектепте жалғасын тапты. Орыстың ұлы ақыны А.С.Пушкиннің «Я помню чудное мгновение» атты өлеңін 10-сыныпта өткен орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Күнсұлу Тунгачинаның шеберлігіне ашық сабаққа қатысқан ауыл мектебінің мұғалімдері риза болды. Қала мектептерінің оқушыларына қарағанда орыс тіліне шорқақтау ауыл балаларының алдына бармас бұрын тәжірибелі мұғалім бұл тақырып төңірегінде өзіне мынадай сұрақ қойды: Әуелі сол Пушкин жырлаған «Махаббат» ұғымы қандай? «Махабатсыз өмір – қандай өмір?» данышпан Абай неге «Махабатсыз – өмір бос» деген? Міне, осылардың өзіндік жауабын шешкен ұстаз үшін әрі қарай сабақ жүйесін тапты. «Любовь» сөзіне ассоциация жасатты. Қорытындысында: Любовь - «незабываемая», «нежная», «искренная», «нераздольная», «первая» т.б. болып шықты. Осы сабақ жөнінде №52 мектептің орыс тілі пәнінің мұғалімі мынадай пікір айтты: «Сабақ маған өте ұнады. Мұғалім – эмоцияға берілгіш, тіпті әртістік қабілеті де бар. Оқушыларды бірден баурап алды. Оларды шашау шығармай ортақ мақсатқа, яғни жаңа сабақты меңгеруге жұмылдырды. Сезімдеріне әсер ете білді. Ойлауға, тақырыпты талдай білуге үйретті. Тәжірибесін сабақтарымызда пайдаланатын боламыз.

Осы жолы бастауыш сынып мұғалімі Г.Аяпова, информатика пәні мұғалімі Г.Шайхутдинова, шетел тілі мұғалімі Б.Салходжинова өткізген сабақтар да өз мақсаттарына жетті. Орайы келгенде мектептегі біршама мұғалімдердің біліктіліктері де ізденістері де айтарлықтай болғанын айта кеткенім жөн сияқты. Олар: С.Убайдилла, Қ.Қасымханова, К.Ишімбаева, М.Есекеева, Г.Әбдіраманова, Ж.Фазылова, Б.Әбілдаева, Ү.Әлменова, Б.Батталова, Ш.Басықараева, Ә.Мизамбаева, С.Қалымбетова, А.Зейнулла болып жалғаса береді. Осы ретте физика пәниннің мұғалімі және ондаған жылдар бойы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары болып еңбек етіп келе жатқан Гүлнәр Бимановaның мектепке сіңірген еңбегі зор десек қате емес.

Мектеп алдында Шығыстың қос шынарының бірі, Ұлы Отан соғысының батыры Әлия Молдағұлованың ескерткіші тұр. Әр жылда «9 мамыр – Жеңіс күні» мерекесіне байланысты еңселі ескерткіштің алдында салтанатты жиын өтеді. Мектеп оқушылары, ата-аналар, ұстаздар қауымы түгел дерлік жиналады. Сап түзеліп, ту көтеріледі. Сосын: «Қыз тусаң, қыз тудым деп қазақ мақтан, Әлия Отанына болған мақтан...» дейтін жыр жолдары ағытылады. Мұнан әрі: Әлия ару қызы сен халқымның, Әлия батыр қызы сен халқымның, - деп қайрылытын, композитор Сейдолла Бәйтерековтің «Әлия» әні шалқиды. Түсінген адамға бұл ән батыр апамызға арналып, әнмен мүсінделген ескерткіш десе болар?! Ал әнді құйқылжыта шырқайтын мектептің ән-әуез пәнінің мұғалімі Гүлмира Қайбілдаева. Керемет ән нағыз әншісін тапқан екен деп толғана отырып тыңдайтынмын. Музыкадан сауаты бар маған Гүлмираның орындауы – Роза Рымбаеваның орындауынан бір де кем еместей көрінетін. Егер мұғалімдік емес, әншілік жолды таңдағанда Қайбілдаева елге танымал мықты өнер иесі болар еді-ау деп те ойлайтынмын. Бірақ, тағдыр ғой, өмір жолы сан соқпақ... Мектепте өнерлі ұстаздар көп болды. Әншілер – Оразкүл, Бақыт, Талғат, скрипкашы Асқарды солардың қатарына жатқызар едім. (Талғат пен Асқар дүние салып кетті, топырақтары торқа болсын). Көркемсөз шеберлері Айгүл Өткелбаева, (Айгүл Өткелбева қазір №101 Ә.Мүсілімов атындағы мектептің директоры) Айгүл Баймішева, Гүлнар Аяпова іс-шаралардың тұрақты жүргізушілері болды.

Бастауыш сыныптың мұғалімдері арасында да өздерінің негізгі мамандықтарымен қоса, өнер әлеміне бой ұрғандар, тіпті әртістік қабілеттері барлары аз емес еді. Осы ретте Гүлнар Аяпованы, Тұрсын Саматованы, Зәуре Бердіхожаеваны, Лиза Әбішева мен ағайынды Мария, Ғалия Тоқбаеваларды айта кету парызым. Олар менің «Гауһартас» атты әдеби-танымдық кітабымның тұсаукесерінде кітаптағы «Гауһартас» новелласы бойынша қойылым көрсеткен. Сөзім жалаң болмас үшін сол әдеби-музыкалық қойылымға пайдаланылған тексті үзіндісін жаза кетейін: «Менен үш жастай үлкендігі бар, өзінен кішілерге әрдайым қамқорлық жасағысы келіп тұратын Жарқын еңбекккор әрі сұмдық әнші болатын... Алғашында мән бермегем, сөйтсем даусы барқыттай жұмсақ, ал «Гауһартастың» қайырмасын сызылтып қайырғанда тыңдамасқа амалым қалмайтын:

Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің жаққан шамдай,
Анаңнан сені тапқан айналайын,
Күлімкөз, оймақ ауыз жазық маңдай,-

деп баяу бастап нақыштап көтере түскенде, орғалы жатқан күріш арасындағы қамыс отақтарды шашыратып, ұстай алмай қалатынмын... Бірде сәскеге жуық 7-8 бала үйге қайтып келе жатқанбыз. Төбемізге тым жақын ұшқан екі ақ құсты көріп, шулап қоя бердік, себебі мұндай құсты бұрын көрмегенбіз.

-Мыналар аққулар ғой, бұлар қайдан келген,-деп таңырқаған Жарқын оларды көзімен ұзатып салып тұрды да, «әне, әне қонды» деп солай қарай жүгіре жөнелді. Біз соңынан ердік. Көл жиегіне жақындай берді де, жер бауырлап жата кетті. Бір қолын артына қайырып төмен басып, бізге де «жатыңдар» деген белгі берді. Сәлден кейін басымызды көтеріп қарағанда айдынның қақ ортасында бір-бірін жаңа көргендей тұмсықтарын түйістіріп, қыбырсыз отырған екі аппақ құсты жазбай таныдық. Кей-кейде келіп, салқын суына шомылып жүрген шағын көл бүгін бізге тым ажарланып кеткендей болды.

«Құс деп аққуларды айту керек, қандай сұлу және бір-бірін қалай қадірлейді»,-деп қалдым мен.

Жарқын маған жалт қарады. Көздері шоқтай жанып тұр екен...

Аз-кем уақыттан соң:

-Ғазиза, мына көлдің неге «Мақпал» деп аталғанын білесің бе?

-Білмедім.

-Онда айтып берейін.

-Құлағым сенде Жарқын.

Бар бала оны қоршалай отыра кеттік.

-Мақпал осы төңіректі мекен еткен бір байдың қызы екен. Бай қызы болғанымен не пайда, дегеніне жетпегесін... Бесікте жатқанында атастырып қойыпты. Қыз өсе келе атастырған жігітін ұнатпай, жалғыз атты сері жігітпен көңіл қосады. Жасырын кездесіп жүріп, күндердің күнінде қашады. Алайда жолдары болмай, қолға түсіп қалады. Сүйгенінен тірідей айырылған Мақпал осы көлге суға кетіп өліпті деген аңыз бар. Халық кейін бұл көлді «Мақпал» деп атап кеткен.

-Шын солай болған ба,-деп көзін сулады Нұрсәуле деген қыз.

-Аянышты екен,-деді Ерқанат деген бала көзін төмен салып.

Ал мен ойға берілдім. Міне, бастауыш сынып мұғалімдерінің сахналаған оқиғасы осы болатын.

Ұмытпасам, 2008 жылдың көктемінде Тұрсын Саматова өз сыныбының оқушыларын Қармақшы ауданы төңірегіндегі «Қорқыт Ата мемориалды кешеніне» экскурссияға апарып келе жатып, «Мақпалға» жолай бұрылған.

-Суы ортайып қалған екен ағай,-деді ол келгесін маған. Мен бас иездім.

Саналы ғұмырымның 27 жылын ұстаздыққа арнап, соның 12 жылын қаладағы осы №173 Әлия Молдағұлова атындағы мектепте өткіздім. 2011 жылы осы мектептен құрметті еңбек демалысына шыққан маған бұл білім шаңырағы қашанда ыстық! Жазбағым аз емес еді, бірақ бір мақаламен бәрін қамту мүмкін де емес ғой. Ұлағатты ұстаздар легінің жалғасып жатқанын және білемін. Бүгіндері мектепті білікті ұстаз, тәжірибелі басшы Гүлмира Қоңырбаева басқарып келеді. Мен бәріне шығармашылық табыс тілеп, оларды үнемі биік белестерден көргім келеді. Болашақтың иелері – оқушылар жылма-жыл алтын ұяларынан түлеп ұша берсін! Дүние тұрғанша, тұр мекебім!

**Темірбек ЕСЖАНОВ,**
**ҚР білім беру ісінің құрметті қызметкері,**
**Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі**

# СОТ ТӨРЕЛІГІНДЕГІ – СОТ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Сот психологы - бұл сот төрелігін жүзеге асыраудағы белгілі бір міндеттерді орындайтын, құқықтық жүйенің барлық тұжырымдамаларына, нормаларына және динамикасына үлкен доминатор болып табылатын маман.

Сот жүйесі- бұл тәсілдер мен процедуралар ерекше маңызды болатын ресми жүйе. Осыдан келіп, сот психологы өз ісінің маманы болумен қатар, осы ережелерді біліп, оған толықтай бейімделуі керек. Азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот процестеріне психолог ретінде қатыса отырып, ұсыным беру кезінде тәуелсіз маман болып табылады және тек психодиагностикалық зерттеулер нәтижелерінде, кәсіби тәжірибесі мен психология саласындағы білімін басшылыққа алады.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сот психологы өз қызметінде келесі құжаттарды басшылыққа алады:

-Қазақстан Республикасы Конституциясының нормалары;

-балалар құқықтарын қорғау саласындағы нормативтік-құқықтық актілер;

-Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексі;

-Қазақстан Республикасы Азаматтық-процестік кодексі;

-осы лауазымдық қызмет нұсқаулығы.

Кәмелетке толмағандар істері жөніндегі сот психологы кәмелетке толмағандардың дамуын, тәрбиесін, білімін, әлеметтенуін және денсаулығын қамтамасыз ететін барлық орган өкілдерімен өзара қарым-қатынасты және ынтымақтастықты іске асырады.Балалардың заңды өкілдерімен (ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-аналар) тығыз байланыста жүзеге асырылады. Кәмелетке толмағандармен заңды өкілдерінің (ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, баланы қабылдайтын ата-аналар) келісімінсіз кез келген жұмыс түрін жүргізуге жол берілмейді.

Сонымен қатар сот психологы келесі міндеттерді жүзеге асырады:

-Кәсіби қызметке арналған оңтайлы әлеуметтік-писхологиялық жағдай жасауға бағытталған психологиялық қолдауды жүзеге асырау, судьялардың сұратуы бойынша қылмысты, азаматтық, әкімшілік процестерге қатысу;

-Кәмелетке толмағандарды сот отырысына дайындау, жеке психологяилық ерекшеліктерін анықтау мақсатында диагностикалық жұмыстар жүргізу;

-Психодиагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша қорытынды дайындау;

-Іс бойынша төрағалық етуші судьяның сұратуы бойынша сот процессіне қатысушының жай-күйіне және мінез-құлқына шынайы баға беру үшін тұлғалық портретін жасау;

-Күйзеліс, шиеленіс, күшті әсершіл қасірет күйіндегі кәмелетке толмағандарға және олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету;

Қорытындылай келе, сот психологы балалардың қатысуымен істерді қарау бойынша сот жұмысын құқықтық насихаттай отырып, әрбір тараптың сынақтағы балаға негативты қарым-қатынасын анықтаумен қатар, баланың психоэмоционалды жағдайын және оның екі жақпен өзіне ыңғайлы деңгейін ашуға көмектеседі.

**Ж.ӘБДРАМАНОВА,**
**Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының психолог-инспекторы**

## Әлемде

### Илон Маск Twitter-ді 44 млрд. долларға сатып алды

**Осыдан екі аптадан аз уақыт бұрын Twitter-дің иелеріне компанияның сату туралы ұсыныс жасаған Илон Маск бұл әлеуметтік желінің жүзеге асырылмаған әлеуеті зор екенін және оны өзінің іске асыра алатынын мәлім етті. Сәуір айында Маск Twitter-дің 9,2% акциясын 2,89 миллиард долларға сатып алып, компанияның ең ірі акционері атанды.**

Бір апта бұрын болашағы белгісіз болып көрінген мәміле жайлы талқылаулар өткен аптаның соңында қарқын алды. Маск компания акционерлерін шақырып, олармен мәміленің қаржылық егжей-тегжейлерімен бөлісті. Акционерлердің қысымына ұшыраған Twitter бір акцияға 54,20 доллар ұсынған Маскпен келіссөздерді бастады. Бұл жаңалық шыққан кезде Twitter акцияларының биржадағы бағасы 6%-ға көтерілді. Ағымдағы мәміленің бағасы Масктың акциялардың 9%-ын сатып алуы туралы хабарландырудан бір күн бұрынғы сауда қорытындысымен салыстырғанда 40% жоғары болып тұр.

### Карантин салдарынан мұнай бағасы түсті

**Қытайда ұзаққа созылған карантин салдарынан әлем бойынша энергияға сұраныстың артуы, АҚШ-та пайыздық ставкалардың өсуі мұнай бағасының 5%-дан астам төмендеуіне ықпал етті. Мұнай бағасы екі аптада екінші рет барреліне 100 доллардан төмен түсті. Бұл жағдай Ресейге қарсы санкциялар мен ОПЕК-тің мұнай нарығын бақылау әрекетінен туындаған құбылмалылыққа қарамастан орын алып отыр.**

Лондонда саудаланып отырған Brent маркалы мұнай эталоны дүйсенбі күні сағат 12:15-те барреліне $100,06-ға дейін 6,09 долларға немесе 5,7%-ға арзандады. Оның бағасы өткен аптада төмендей бастап, 4,5%-ды құрады. Украинадағы әскери әрекеттерден кейін екі аптадан соң, яғни 7 наурызда 139,15 долларға көтерілді және бұл мұнай өсімінің ең жоғарғы көрсеткіші ретінде тіркелді. Бүгінгі мұнай бағасы осы өсімнен кейінгі ең төмен көрсеткіш болып отыр.

Нью-Йоркте WTI маркалы мұнай бағасы 5,91 долларға немесе 5,8%-ға арзандап, 96,16 долларды құрады. Brent сияқты, WTI маркасы да өткен аптада 4,5% төмендеп, бір айда 4% жоғалтты. 7 наурызда WTI маркалы мұнай бағасы 130,50 долларға дейін көтерілген. Мұнайдың екі маркасы да өткен аптада шамамен 5% төмендегеннен кейін ең төменгі жабылу деңгейге жақын болды. Баға наурыздың басында 2008 жылдан бергі ең жоғары деңгейден шамамен 25%-ға төмендеді. Екі апта бұрын Батыстың Ресей мұнайына салған санкциялары мұнайдың жалғыз ірі факторы болған. Бірақ Қытайдағы коронавируспен байланысты жағдай әлемдегі ең ірі мұнай импорттаушының мобильділігін шектеп, мұнай нарығына теріс әсер әкелді. Қытай – әлемдегі ең ірі мұнай импорттаушы ел, бірақ Шанхайдағы төртінші аптаға созылған карантин мен оған қоса АҚШ долларының көтерілуі энергетия тасымалдаушыларға қысым жасап, мұнай бағасының биылғы ең жоғары $140 деңгейіне қайта оралу ықтималдығын төмендетіп отыр.

### Электромобильдер саны өсуде

**Өзбекстанға шетелден әкеліііп жатқан электромобильдер саны жыл өткен сайын артып келеді. Мемлекеттік статистика комитетінің хабарлауынша, 2022 жылдың қаңтар-наурыз айларында Өзбекстан әлемнің 9 елінен құны 13,5 миллион доллар болатын 455 электромобиль импорттаған.**

Бұл жағдай 2021 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда электромобильдер импорты 370-ке немесе 5,4 есеге өскен. Электромобильдердің көп бөлігі Қытайдан әкелінуде. 2022 жылдың алғашқы 3 айында Өзбекстан мына елдерден электромобиль импорттады: Қытай – 426; Германия – 13; Гонконг – 7; БАӘ - 3; Эстония – 2; АҚШ – 1; Канада – 1.

Айта кетсек, 2021 жыл 1 қазан айынан бастап Өзбекстанда электромобильдерге арнайы мемлекеттік нөмірлер беріле бастады. Электр қуатымен жүретін автокөліктерге берілетін нөмірдің басты айырмашылығы - аймақ коды жасыл фонда көрсетілген.

### Оқу-жаттығу ұшағы құлады

**«Түркияның Бурса провинциясының Османғази ауданындағы тұрғын үйлердің арасына моторлы оқу-жаттығу ұшағы құлады. Ұшақ құлаған сәтте бірден өрт пайда болды.**

Жаттығу техникасының ұшқышы мен курсанты оқиға орнында көз жұмды. Басқа қаза тапқандар мен зардап шеккендер туралы хабар жоқ», - деп жазды шетелдік ақпарат көзі. Ұшақ курсанттардың оқу бағдарламасы аясында Юнусэли әуежайынан ұшып, аз уақыттан кейін аталған елді мекенге құлаған. Төтенше оқиғаның салдарынан осы ауданда орналасқан абаттандырылған үйлер бұзылып, тұраққа қойылған көліктер де зардап шекті. Мамандардың айтуынша, әуе кемесі техникалық ақауларының салдарынан да құлап кету ықтималдығы бар. Оқиғаның мән-жайы тергелу үстінде. Апат орны полициямен қоршалған, онда өрт сөндірушілер, құтқару қызметінің мамандары мен жедел медициналық жәрдем бригадалары жұмыс істеп жатыр.




**(25.04–01.05.2022)**



**Тоқты (21 наурыз-20 сәуір)**

Алдағы апта жаңа нәрселерді бастау үшін асығыстық танытпаңыз. Күш-қуат жинақтап, жаңа дүниелерге қол жеткізетін сәт келді. Жеке өмірде барлығы орнында. Сондықтан да алға қойған жоспарларыңыз кезең-кезеңімен іске асатын болады. Тым қатал болмаңыз.



**Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)**

Бұл апта алдағы 6 айлықтың жоспарын құруға сәтті кезең. Жаңа таныстықтар болып жатса, бас тартпауға тырысыңыз. Ал алыс сапарларға шығуды тоқтата тұрған дұрыс. Өзіңізге және ішкі жағдайыңызға назар аударыңыз, қандай жағдайда да сақ жүріңіз.



**Егіздер (21 мамыр-21 маусым)**

Егіздерді көптеген сындарлы мәселелер күтіп тұр. Басқа орынға көшіп, өмірін түбегейлі өзгерткісі келуі мүмкін. Апта ішінде барлық жоспарларын қауіпсіз түрде жүзеге асыра алады. Алайда тез шешім қабылдап, өкініп қалмаған жөн.



**Шаян (22 маусым-22 шілде)**

Апта бойы әрбір әрекетке абай болу керек. Алдағы аптада жасай алатын ең жақсы нәрсе - демалу, денсаулығыңызға көңіл бөлу, ең бастысы, қобалжымау, ниеті бұзық адамдармен араласудан аулақ болу. Жаңа айды сәтті бастайсыз.



**Арыстан (23 шілде-22 тамыз)**

Апта ішінде сынға қалып жүресіз. Денсаулықтан мәселелер туындайды. Әлсіздік пен жүйке жүйесінің бұзылуы пайда болуы мүмкін. Іс сапарлар барысында жаңа бастамаларға жол ашылып, жаңа жұмыста жемісті боласыз. Тым еркінсіп, сыр ақтара бермеңіз.



**Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)**

Өзіңізге қамқор болыңыз. Біліміңізді жетілдіріп, жаңа қырыңыздан танылатын уақыт. Апта зияткерлік белсенділік үшін өте қолайлы. Терең ойланып барып, әрекет етіңіз. Кәсіби өзгерістерді, өмірлік мақсаттарды қайта қарау үшін тамаша уақыт.



**Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)**

Өміріңізді ретке келтіретін, көптен бері кейінге қалдырған істеріңізді жасайтын, алдағы 6 айға жоспарлайтын уақыт келді. Алға басыңыз! Және батылырақ болыңыз, аздап күш-жігер жұмсасаңыз, сіз көп ұзамай сәттілікке қол жеткізе аласыз.



**Сарышаян (23 қазан-21 қараша)**

Бос қиялдай бермей, нақты іске көшетін уақыт келді. Сіз өзіңіздің серіктесіңізге шағым жасағыңыз немесе тіпті бұрынғы жақын адамдарыңызға өзіңіз туралы еске салғыңыз келуі мүмкін. Қазіргі жұмысыңыздан да жүйке жүйеңіз сыр беріп жүр. Дұрысы – демалыс!



**Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)**

Сіз кез келген жұмысты жеңе аласыз, сондықтан жаңа бастаманы қолға алыңыз, сыртқы өмірде белсенді болыңыз. Жеке өмірге, отбасылық істерге келетін болсақ - өте қолайлы күндер, сіз толығымен тыныштықта, сәттілікте боласыз.



**Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)**

Апта әсіресе жұмыс пен құжаттарға қатысты оқиғаларға толы. Әртүрлі адамдармен көптеген кездесулер болады. Құқық, салық, қаржы салалары көбірек зардап шегеді. Қазір қарым-қатынастың негізі қаланып жатыр. Соңғы шешім қабылдағанда өте сақ болыңыз.



**Суқұйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)**

Көптеген әңгімелесулер, хат алмасулар, жаңа адамдармен кездесулер шаршатады. Апта дайындық кезеңінен өткен нақты жұмыстарға, сондай-ақ қоғамдық жұмыстарға, халықаралық қатынастарға қолайлы. Нақты іс жоспарлардың көпшілігі орындалады.



**Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)**

Апта қызықты болады. Командада жұмыс істеуге тырысыңыз, белсенді әлеуметтік қырыңызды көрсетіңіз. Бірден биікке көтеріліп, құлдырап төмен түсіп қалуыңыз да ғажап емес. Жақындарыңызды ренжітіп алудан сақ болыңыз.

## Бақытжан Ертаев:

# ӘСКЕРДЕГІ ӘЛІМЖЕТТІК ТҮГЕЛ ЖОЙЫЛМАДЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

### Көзбояушылықтан мезі болдым

*– Арада 30 жыл өте шығыпты. Осы жылдар ішінде Қазақстан армиясы еңсесін тіктей алды ма? Әлеуеті қалай?*

– «Су ішкен құдығыңа түкірме» дейді. Бірақ Отанымды ойлағаннан шындықты ашық айтамын. Даниял Ахметов Қарулы Күштерді басқарған тұста генерал-инспектор болдым. Содан кейін Қорғаныс министрі болып Иманғали Тасмағамбетов тағайындалды. Министр әскери дайындықтың қандай екенін өз көзімен көрді. Сол кезде дайындықтың өте нашар екенін министрге баяндап тұрып, өзім ұялған кездерім болды. Әрине, армияны ешқашан кез келген сын-қатерге даяр тұрады деп айтуға болмайды. Бәріне даярмыз деу – жылтыр сөз. Әскер әртіс болмауы керек. Халық Қарулы Күштерге сенеді. Ал қиын кезеңде қолынан түк келмей жатса, міне сол жаман. Қазір Украина мен Ресейді көріп отырмыз. Осы жағдайдан сабақ алуымыз керек. Өз басым көп дүниені көкейге түйіп жүрмін. Айталық, бізде неге Отардан басқа әскери жаттығу жасайтын жөні дұрыс жер жоқ? Жаттығуларымыз неге бірсарынды? Соған үйреніп алған жоқпыз ба? Қалай бір ғана сценариймен жаттыға береміз? Басқа өзгеріс жоқ па? Сауал көп. Әзірге жауап таппадым. Жалпы, заманға бейімделу керек. Әскерде «болдым, толдым, дайындығым жақсы» деген ұстаным болмайды. Ұдайы дайындалған жөн.

Сонымен бірге әскери адамның психологиясы да өзгеретінін ұмытпаған жөн. Ал біз психологиялық тұрғыда дайындап жатырмыз ба? Жоқ. «Алға, сен жақсысың!» деп бәріміз айтамыз. Бірақ офицер мен жауынгер қан көрсе, құлап түсетін шығар. Меніңше, біз ескі сүрлеумен келе жатырмыз. Міне, соны тоқтату керек. Себебі қазіргі соғыстың табиғаты өзгеше. Заңы да бөлек. Саясаткерлер мәселені келіссөзбен шешуге ұмтылатыны сөзсіз, бірақ ұрыста жаңа технология, офицер мен сарбаздың біліктілігі шешуші рөл атқарады. Ал біз көбіне тіл мен жаққа сүйеніп, сайрауға үйреніп кеттік. Әрине, 30 жылда мемлекеттің арқасында армияға жаңа қару-жарақтар келіп жатыр. Ал соларды шеберлікпен қолдана аламыз ба? Бұл да сауал. Қазір офицерлердің жастармен байланысы жоқ. Командирлердің не үйретіп жатқаны да анық емес әрі олардың сарбаз алдындағы беделі де жоғары дей алмаймын. Егер армияда командир мен сержанттың беделі төмен болса, әскери дайындық жоғары болмайды. Әдетте біз командирдің бұйрығын орындаған жөн деп санаймыз. Бірақ қалай орындау керек? Жақсы әскери айламен. Екіншіден, Қарулы Күш¬терде шығын аз болуы тиіс. Бұл бәлкім ең басты қағидалардың бірі шығар. Өйткені адамнан қымбат ештеңе жоқ. Сондықтан «Алға, алға» деп ұрандап, өре түрегелетін заман емес қазір. Екінші дүниежүзілік соғыстағыдай «уралап» шапсақ, қаншама адам қырылады.Мұны да ескеру керек.

Айтпақшы, командирлердің біліктілігінің зардабын тарттық. Мәселен, Алматыдағы қанды оқиғада Қарулы Күштер қауқарсыз болды. Тек ҰҚШҰ әскері келген соң ғана жағдайды реттеп, дүрбеленңің өршуіне жол бермедік. Меніңше, бұл олқылықтың аста-рында командирлердің шешім қабылдауға қабілетсіздігі жатыр.

Қаңтар қасіретінде қаза болғандардың жаназасына қатыстым. Алматыдағы тәртіпсіздік кезінде қаза тапқан ҰҚК Шекара академиясының 2-курс студентінің әке-шешесімен жолығып, көңіл айттым. Сонда бәрі «Бұл қалай болғаны? Бала тірі жүретін еді ғой» деп мені сұрақтың астына алды. Бұл – өте ауыр сұрақ. Өзімді сол жерде кінәлі сезіндім. Еліміз сол қасіреттен қабағын әлі ашқан жоқ. Неге бұған жол бердік? Қазір бәрі тексеріліп жатыр. Ендігі мәселе қаңтардағыдай дүрбеленге жол бермеудің амалы.

Жалпы, армия туралы көп дүние айтуға болады. Қару-жарақ, техникадан бастап қатардағы сарбазға едәуір талай мәселе бар. Тіпті, патриоттық тәрбиені де ақсатып алған тәріздіміз. Жастарды ұмыттық. Бала кезімізде Бауыржан Момышұлы сияқты батыр болуды армандадық. Ал қазіргі қаһармандарымызды ешкім білмейді. Жастармен жұмыс жүргізілмейді. Екіншіден, бұрын Кеңес Үкіметі кезінде бүкіл қару-жарақты тексеретін инспекция болатын. Ол тікелей мемлекет басшысына, қазіргі ұғыммен айтсақ Президентке ғана бағынатын. Ал қазір қалай? Министрлік құрылымдары бір-бірін, өздерін-өздері тексереді. Сонда нәтижені кімге баяндайды? Мысалы, оқ-дәрі қоймаларындағы, қару-жарақ пен техниканы сақтаудағы былықтар анықталса, оны Қарулы Күштер жүйесінде қызмет ететін тексерушілер министрге баяндайды деп ойлайсыз ба? Немесе әлгі тексерушілер Бас штаб бастығына есеп берді делік, ал Бас штаб бастығы министрге шындықты айтады дегенге сенесіз бе? Өз басым сенбеймін. Меніңше, көп қызметкер «Бәрі жақсы деп» қо¬лын қоя салады.

Мен инспектор болған кезде лауазымды кісілердің арасында маған ренжіп, тіс қайрағандар көп болды. Аттарын атамай-ақ қояйын. «Бізге неге 2 деген баға қоясыз?» деп ренжиді, «Өзің сол жерге барып көр деймін, сенбесең» дедім. Иманғали Тасмағамбетовті апардым, өзі көзімен көрсін дедім. Министрмен бірге екеуміз десанттарды тексердік. Штаб бастығын алып бардық, нәтиже – нөл. Шындық айтылмаған, сол шындық қалды солай. Осылай жүре берсек, не болады? Жасандылықтан шаршаған жоқпыз ба?

Қазір министрлер жиі ауысады. Бірақ әскердегі жағдай әлі де оңай емес. Мақтанды тоқтатқан дұрыс. Мақтанса, шынайы нәтижемен мақтансын. Айла-тактиканы жаңарту керек. Көршілерде не болып жатыр? Қарау қажет. Ресей бір күнде жеңіп шығамыз деп ойлады. Жоқ, олай болмады. Ойлану керек. Қазіргі заман басқа. Қатардағы командирлердің ойын тыңдау керек. Олардың жақсы ойы бар, тактикасы болады, бірақ жоғарыдағылар оларды тыңдамайды. Үлкен бастық келеді де, «жоқ, мынадай болу керек» дейді. Себебі солай үйреніп қалған, басқа айтары жоқ. Жас командирлерге сенім арту керек. Мысалы, Ауғанстанда ең жас аға лейтенант, комбат болдым. Сонда менің батальоным 200 шақырым ары орналасты. Төңірегінде түк жоқ, ар жағында Пәкістан. Заң бойынша, дұшпандар келсе, ең алдымен басшылыққа хабарлап, рұқсат сұрауым керек. Сол хабарламаң Мәскеуге жетуі тиіс. Сонда жауларымызға «күте тұрыңдар, Мәскеумен келісіп алайын» деймін бе? Осы мәселені маршал Соколовқа айттым. Ол Қорғаныс министрінің орынбасары еді. Менің батальоныма жиі келіп тұратын. Мені Борис дейтін, «саған бірден шешім қабылдауға рұқсат» деді. Содан кейін заң өзгерді. Біздегі әскери дайындық оқулықтары да әлі өзгерген жоқ. Заманға сай жаңартып отыру керек.

*– Президент Қарулы Күштерге реформа жасалуы керек екенін айтты. Сіздіңше реформа қандай болуы керек?*

– Сөзсіз реформа керек. Бірақ сөзбен емес, іспен. Сарбаздан басталуы тиіс. Себебі бәріне жауапты солар. Командирдің бұйрығын орындайтын солар. Талай реформа жүзеге асып жатыр. Бірақ нәтиже беріп жатыр ма? Ресей мен Украина қақтығысын зерттеп, керегін алуымыз керек.

*– Армияны мобильді қылу керек деген пікір бар. Бұған қатысты ойыңыз қандай?*

– Армия әрқашан мобильді болуы тиіс. Ол дұрыс. Бірақ мобильді дегенді дұрыс түсініп алған жөн. Қарулы Күштер Отанның тыныштығын күзетеді. Олардың қызметі өзгеше. Басты міндет – елдің тыныштығын сақтау. Әрине, қару-жарақтар заманға сай болуы керек.

### Жүрегімде мәңгілік сызат қалды

*– Әскер санын өсіруге бола ма? Резервке сенім арта аламыз ба?*

– Бұл сұрақ мені талайдан бері толғандырып жүр. Біз келісім-шартпен жұмыс істейтін әскерге көңіл аударып, Қарулы Күштердің жеке құрамының көп бөлігін солар арқылы жасақтадық. Бұл реформа үшін орасан зор қаржы бөлдік. Иә, бізде келісімшарт әскері болуы керек. Бірақ мерзімді әскери қызметке де көңіл бөлген дұрыс. Қатты алаңдап жүргенім, келісімшарт әскерлері жауынгерлік дағдысын жетілдіріп, біраз дүниені үйренгенімен, кейін олардың соғысқысы келмей қалуы мүмкін. Өйткені келісім-шартпен жұмыс ітсейтін әскерилер қызметін Отан алдындағы борыш деп емес, жалақы алатын әдеттегі жұмыс ретінде бағалай бастауы ықтимал. Не болып жатқанын естіп жүрміз. Екіншіден, мерзімді әскери қызметке шақырылатындар санын көбейтпесек, резервті толтыра алмаймыз. Сөйтіп, әскеріміз қартайып кетеді. 40 жастан кейін зейнетке шығады. Сонда біздің резервіміз 30-40 жастағылардан тұра ма? Біріншіден, қазір «көбі әскерге бармаймыз» деп жатыр. Жалпы, бәрі әскер сабында болуы тиіс. Әр азамат Отан алдында ант беруі тиіс. Ал ант берсе, оны орындау керек. Менің ойымша, әскерге бармаса да, Отан алдында ант берсе, «елім, жерім» деп тұрар еді деген ой келетіні бар маған.

– Армияда әлімжеттік бар ма?

– Өкінішке қарай, армияда әлімжеттік бар. Бірақ оны жою үшін түрлі тәсілге бардық. Сөйтіп, әлімжеттікті азайттық. Бұрынғыдай ашық түрде әлімжеттік жасайтындар сирек. Дегенмен қысым жасайтындар кездеседі. Негізі, әлімжеттікті азайтуға мерзімді әскери қызметті 1 жылға дейін қысқарту арқылы да азайтуды көздегенбіз. Бірақ әлімжеттік 100 пайыз тоқтаған жоқ. Себебі адами фактор болады. Тәрбие, мінез әртүрлі. Әскерде командир сарбазды баласындай, інісіндей тәрбиелесе, жақсы көрсе, онда сарбаз да әкесіндей, ағасындай сыйлайды. Ал бізде қалай? Айқай-шу, сарбазды кем көреді. Ол дұрыс емес. Сосын ашық сөйлесуі керек, ол да адам баласы ғой. Біздің кезімізде заң бойынша жақын адамы қайтыс болса, 10 күнге еліне жіберетін. Ал қазір өзгеше. Сондықтан сарбаз күйзеліске бой алдырады, әскерден қашуды ойлайды.

### Қорғаныс министрлігі базар емес

*– 90-жылдары армия жемқорлыққа толы болды. 1996 жылдың күзінде Қазақстаннан Солтүстік Кореяға кетіп бара жатқан бір эшелон зенит зеңбіректері Ресей территориясында ұсталды. 6 МиГ-21 ұшағы Бакуде қолға түсті. Сол кездерде сіздің атыңызды пайдаланып, арам пиғылдарын іске асырғысы келгендер де болды. Ол кездегі жағдай қалай еді?*

– Кейбіреулер мұны ұмытып кеткен де шығар. Ал менің есімде мәңгіге қалды. Біреулер үшін МиГ-21 «миг» болып өтіп кеткен шығар. Ал менің жүрегімде сызат қалды. Жалғыз өзімде емес, жұбайымда, отбасымда жан жарасы қалды. Сол кезде соттың алдында КТК телеарнасының журналисі маған «Сіз неге азаматтық киімдесіз?» деп сұрады. «Әскери адамның қару-жарақ сатуға қандай құқығы бар?» деді. «Қазақстан генералының абыройын сақтап қалу үшін азаматтық киіммен келдім. Мына жерден формамен шығамын» дедім. Әскери адамның бір ғана мақсаты бар – антын орындау. Елдің міндеті – тамағын, киімін бүтін қылу. Өкінішке қарай, Жоламанов кетті, қайта шықты деп жатыр. Бұрыннан айтып келемін, стратегия штаб генералының қолында болуы керек. Ол бізге «осындай ұшақ керек» дейді. Соны министрге айтады. Министр экономистерін жинап, ақылдасып Үкіметке айтады. Олар дайындайды.

Басқасына әскери адамның қатысы болмауы керек. Ал қазір тендер дейді. Мемлекеттік тапсырыс дейді. Әскери адамның онымен не жұмысы бар? Қазір тендер, мемлекеттік тапсырыс десе, бәрі құлақ түре қалады. «Не алып жатыр, не сатып жатыр?» деп шығады. Әскери адам болғандықтан, әлі күнге дейін базарға баруға ұяламын. Бірақ ондай болмасын десек, пәтері болуы керек, жалақысы жоғары болуы керек. Мәселен, әскери адамдардың көбінің жұбайлары театрға бармайды. Себебі полигондарда жүр. Балалары жұрт қатарлы тәттісін алып жей алмайды. Себебі гарнизондарда ондай жоқ. Сондықтан оларға қосымша ақы төленуі тиіс. Балаларының оқуға түсуіне, жұмысқа орналасуына көмек қарастырылуы керек. Жұбайларына жұмыс істемей, полигонда жүргені үшін жалақы төленуі керек. Бәрін рет-ретімен шешу қажет. Ашығын айтып отырмыз ғой, әскерилердің беделі түсіп кетті.

Қаншама генерал байлыққа қызығып, Отан алдындағы антын ұмытып кетті. Мұндай жағдайға жеткізбейтін шығар деп ойлап едім. Неге біз қателіктен сабақ алмаймыз? Сарбазды жамандағанымыз – өзімізді жамандағанымыз. Армия біздікі, бірақ шындықты айту – біздің міндетіміз. 90-жылдардағы олқылықтар әлі келе жатыр. Оны тоқтату керек. Жалпы, кедейлік қылмысқа итермелейді. Жұбайлары «лейтенант кезінде тұрмысқа шықтым, балаңа қалағанын алып бере алмайсың. Жоғары білімің бар, полигонда жүрсің, менің киетін киімім де жоқ» дейді. Не істейді? Амал жоқ, сыбайластыққа барады. Кейін ол жолға қойылған жемқорлыққа апарып соғады. Әрине, әскерилер өз беделін өздері көтеруі тиіс. Бірақ біз шетте тұрмауымыз керек. Екіншіден, бізде ата-анамен байланыс жоқ. Бір сарбаз әскерде жақсы қызмет етсе, неге ата-анасын бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетпейді? Әкім арқылы құттықтап, 10 күнге демалысқа жіберсін. Ал қазір әкімдер бір жақта, әскери комиссариат бір жақта, ал сарбаздар өз-өзімен жүр. Әкімдер қанша сарбаз барғанын, не істеп жатқанын білуі тиіс.

### Әскери адамның міндеті – отан қорғау

*– Жаңа сөз арасында генерал Нұрлан Жоламанов туралы айттыңыз. Ол босап шығыпты. Істі болған генералдардың ішінде ең даулы тұлға еді. Оған көзқарасыңыз қалай? Жалпы, тәуелсіздік алғаннан бері армияның, Шекара қызметінің, Ұлттық ұланның 30-ға жуық генералы сотталған деген дерек бар.*

– Бірақ бұрыннан айтып келемін, әскери адам еш уақытта алып-сатумен айналыспауы тиіс. Себебі оның міндеті – Отан қорғау. Бұйрықты орындап, елдің тыныштығын сақтау. Қорғаныс министрлігі жауапкершілігі шектеулі серіктестік емес. Екіншіден, әскери адамның тіпті түйіршік сатуға құқығы жоқ. Әскери адам сатумен емес, елін қорғаумен айналысуы керек. Ал егер кімде-кім оған жол берсе, қатаң жазалануы тиіс. Отанын сатқандар тиісті жазасын алу керек деп есептеймін. Тағы айтамын, Қорғаныс министрлігі базар емес. Жоламановты босап шыққанымен құттықтаймын.

*– Алматыдағы дүрбелең, Арыс пен Жамбылдағы жарылыс отандық қару-жарақ ісінде былықтың көп екенін көрсетпей ме?*

– Қару-жарағымыз қолды болады деген менің ойымда да болған емес. Қалайша Ішкі істер министрлігіндегі қару-жарақты ұрлайды? Бұған қалай жол бердік? Артық кетсем, кешірім сұраймын, мүмкін қандай да бір келісім болған шығар. Бәлкім, қорқытқан шығар. Шындықты ашып, опасыздардың жазасын беруіміз керек.

Арыстағы жарылыстың астары туралы айтайын. Бас штаб бастығы болып тұрғанда, 1997 жылы Арысқа бардым. Бұл «қалай жарылмай тұр?» деп қатты таңғалдым. Қойма быт-шыт. Соның ішінде химиялық дәрілер бейберекет жатыр. Бірден Мұхтар Алтынбаевқа хабарласып: «Кемінде осы жерге 200 адам жіберіңіз, химиялық заттар қоймасын бөлеміз» дедім. Тіпті, қару-жарақтарды толығымен Арыстан көшіру керек еді. Сарбаздар келді, химик М.Даировты шақырып алдым. Егер химиялық заттар қоймасын бөлмегенде қазір жағдай мүлде басқа болар еді. Арыстағылар әлі күнге дейін тұмшаланып жүрер ме еді, кім білсін?! «Бәрін Ембіге көшірейік» дедім, «қымбатқа түседі» деп жо-латпады. Содан кейін Қарағанды облысындағы химиялық қойма Тоқырауға бардым. Мұхтар Алтынбаевқа «қойманың бастығын ату керек» дедім. Қызметінен босаттық. Мен барғанда қоймада миналар шашылып жатты. Марқұм полковник В.Ткаченко өте білімді кісі еді, зейнетте жүрген, Тоқырауға шақырып алдым. Ол келіп, жағдаймен танысып, шошып кетті.Кейін ол да жарылды ғой. Зейнетке шыққан кезім, бір күні Мұхтар Алтынбаев хабарласып: «Тоқырау жарылғанда тексердік, сіздің бұйрығыңыз дұрыс болыпты. Бірақ, өкінішке қарай оның жартысы орындалмаған екен» деді. Әлі күнге дейін айтып келемін. Жаңа министрге де «менің қаулыларымды көтеріңдер. Ұнамаса, қоқысқа тастаңдар» дедім. Соған 5-6 сағат қана кетеді. Әскери адам ретінде айтамын, мұндайға жол беруге болмайды. Қойманың аты қойма, оқ дәрілер өзгеше, құрамы басқаша. Оны сақтау да басқаша болуы керек. Құдай сақтасын, қазір қаншама қойма бар. Шындыққа тура қарауымыз керек, әйтпесе жағдайымыз қиын болады.

*– Әңгімеңізге рақмет!*

**Наима НҰРӘЛІ,**
**aikyn.kz**

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС
**Директор Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы**
**Директордың орынбасары Әмиша Нұрбек Шынтеміруұлы**
**Ақылдастар алқасы:** Әбілбай Садықбаев, Данияр Сұлтанбеков, Рысбай Кәрімов

Бас редактор **Сыдықова Жанар ТҰРДЫБЕКҚЫЗЫ**
Бас редактордың орынбасары **Жансая ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ**
Жауапты хатшы **Зибаш Али** 8 705 982 76 61

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджіменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

**Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж**

**Редакцияның мекен-жайы:** Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі 46/36 Телефон: 8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында терiлiп, беттелдi. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы Сұлтан Бейбарыс көшесі,4 А үй Телефон: 40-06-68,

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

**Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты Тел: 23-54-91**

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 6000 дана**
**Индекс 66503**
**Тапсырыс №646**

***E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru***
***Электронды нұсқасы: https// ret-gazeta.kz/***